

«БЕКІТЕМІН»

Басқарма Төрағасы, «Академик  
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды  
университеті» КЕАҚ ректоры  
\_\_\_\_\_ Н.О. Дулатбеков

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2024 ж.

**Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің  
қосымша білім беру факультетінің дайындық бөлімінің тыңдаушыларын  
қабылдауды және оқытуды ұйымдастыру туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті дайындық бөлімінің тыңдаушыларын қабылдауды және оқытуды ұйымдастыру туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) «Қазақстан Республикасы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 554 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 24 маусымдағы № 310 бұйрығына сәйкес әзірленді.

2. Ереже Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің (бұдан әрі – Университет) дайындық бөлімінде құжаттарды қабылдау, Қазақстан Республикасының азаматтарын, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғаларды және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғаларды конкурстық іріктеуді ұйымдастыру және оқыту тәртібін айқындайды

**2-тарау. Құжаттарды қабылдау тәртібі**

3. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша және ақылы негізде дайындық бөлімінде оқуға қабылдауды Университет дербес жүзеге асырады.

4. Оқыту үшін орта білімі (жалпы орта білімі, техникалық және кәсіптік білімі) бар тұлғалар қабылданады.

5. Оқуға түсушіге, егер оларға оқыту бірінші рет жүзеге асырылса, мемлекеттік білім беру тапсырысында тегін оқыту ұсынылады.

6. Оқу ақысын төлеудің мөлшері мен тәртібі нормативтік актілерге және білім беру қызметтерін ұсыну туралы шартқа сәйкес белгіленеді.

7. Тыңдаушылар контингентін ақылы негізде қалыптастыру азаматтардың немесе олардың өкілдерінің өз қаражаты есебінен оқытуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

8. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау Университеттің ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда немесе университеттің қабылдау комиссиясы арқылы қағаз түрінде жүзеге асырылады.

9. Университеттің дайындық бөліміне түсу үшін Қазақстан Республикасының азаматтары университетке келесі құжаттарды ұсынады:

1) еркін нысандағы қабылдау туралы электрондық немесе қағаз түріндегі өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі немесе қағаз нұсқасы;

3) жалпы орта (жалпы орта), кәсіптік бастауыш (техникалық және кәсіптік), кәсіптік орта (орта білімнен кейінгі) білім туралы құжаттың электрондық көшірмесі немесе қағаз нұсқасы және оған қосымша;

4) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/е нысаны бойынша медициналық анықтама.

10. Университеттің дайындық бөліміне түсу үшін Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын шетелдіктер, ұлты қазақ тұлғалар және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғалар Университет арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) еркін нысандағы қабылдау туралы электрондық немесе қағаз түріндегі өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі немесе қағаз нұсқасы;

3) мөрдiң аудармасын қоса алғанда, білім туралы құжаттың және оған қосымшаның электрондық көшірмесі немесе қағаз нұсқасы және сканерленген нотариалды куәландырылған аудармасы (егер құжат толығымен шет тілінде болса);

4) үміткер тұратын елдің ресми денсаулық сақтау органы берген шетелге оқуға кетушілер үшін медициналық анықтама.

11. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 268 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32800 болып тіркелген) Білім туралы құжаттарды тану қағидаларына сәйкес тану рәсімінен өтеді.

12. Университет конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдауды күнтізбелік жылдың 5 тамызынан 5 қыркүйегіне дейін жүргізеді.

13. Университет ұсынылған құжаттардың осы Ереженің 9 және 10-тармақтарына сәйкестігін құжаттарды тіркеген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде тексереді.

14. Осы Ереженің 6 және 7-тармақтарында көрсетілген ұсынылған құжаттар құжаттар тіркелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде сәйкес келген кезде Университет құжаттарды беруді тіркеу кезінде көрсетілген электрондық поштаға тіркеу туралы хабарлама жібереді. Осы Ереженің 6 және 7-тармақтарында көрсетілген ұсынылған құжаттар сәйкес келмеген жағдайда, келіп түсушіге құжаттарды тіркеуден бас тарту туралы хабарлама жіберіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қайта тіркеу құжаттарды тіркеуден бас тарту туралы хабарлама алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

### **3-тарау. Тыңдаушыларды конкурстық іріктеуді жүргізу тәртібі**

15. Конкурстық іріктеу жүргізу үшін Университет оқытушыларының қатарынан қабылдау комиссиясы құрылады және комиссия мүшелерінің құрамынан комиссия төрағасы сайланады.

16. Қабылдау комиссиясы мүшелерінің саны, оның төрағасын қоса алғанда, тақ болып табылады.

17. Конкурстық іріктеуді қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 10-15 қыркүйегі кезеңінде жүргізеді.

18. Конкурстық іріктеуді өткізу кестесін, өткізу күнін, уақыты мен орнын қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін түсушілердің назарына жеткізіледі.

19. Университет өткізетін конкурстық іріктеуден өткен кезде оқуға түсуші оның жеке басын куәландыратын құжатты және құжаттың тіркелгені туралы хабарламаны көрсетеді.

20. Қазақстан Республикасының азаматтарын конкурстық іріктеу жаратылыстану-ғылыми цикл пәндері және ағылшын тілі бойынша жалпы білім беру даярлығының деңгейін айқындауға мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде кешенді тестілеу түрінде оффлайн режимінде өтеді.

Кешенді тестілеу бейнежазбамен сүйемелденеді.

21. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын шетелдіктерді, ұлты қазақ тұлғаларды және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғаларды конкурстық іріктеу қабылдау комиссиясының мүшелерімен дербес әңгімелесу түрінде нақты уақыт режимінде онлайн өтеді.

Әңгімелесу барысында үміткерге жалпы білім беру даярлығының деңгейін, Қазақстандағы оқудың саналылық деңгейін анықтау үшін мемлекеттік тілде 4-5 сұрақ қойылады.

Әңгімелесу бейнежазбамен сүйемелденеді.

22. Конкурстық іріктеуді өткізу қорытындылары қабылдау комиссиясының хаттамасымен еркін нысанда ресімделеді және оған комиссия төрағасы мен қатысып отырған барлық мүшелер қол қояды.

23. Қабылдау комиссиясының хаттамасы негізінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша тыңдаушыларды Университеттің дайындық бөлімдеріне қабылдау туралы шешім шығарылады және күнтізбелік жылдың 25 қыркүйегіне дейінгі мерзімде конкурстық іріктеуден өткен азаматтардың назарына жеткізіледі.

24. Дайындық бөлімінің тыңдаушылары қатарына қабылдауды Университеттің қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 25-28 қыркүйегі аралығында жүргізеді.

25. 25. Университет тыңдаушылар қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім

министрлігіне дайындық бөліміне қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

26. Университет дайындық бөлімі тыңдаушыларының статистикалық және паспорттық есебін жүргізеді.

27. Визалық қолдау көрсету үшін шетел азаматтары университеттің дайындық бөлімі деканатының поштасына туған жері, тіркелген мекенжайы, тұратын жерінің мекенжайы, виза алған жері көрсетілген паспорттың көшірмесін жібереді.

28. Шетелдік тыңдаушылар үшін кіру және шығу визалары мемлекеттік органдарда және Қарағанды қаласының аумақтық ішкі істер басқармасының визалық жұмысында ресімделеді және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің нормативтік құжаттарына сәйкес жүргізіледі.

Тиісті құжаттарды университет инспекторы ресімдейді және тіркейді.

#### **4-тарау. Дайындық бөлімінің тыңдаушыларын оқытуды ұйымдастыру тәртібі**

29. Дайындық бөлімшелерінде оқыту күндізгі және қашықтықтан оқыту нысаны бойынша жүзеге асырылады. Сабақтар күнтізбелік жылдың 1 қазанында басталады.

30. Оқу мерзімі 9 айды құрайды.

31. Дайындық бөлімдерінің тыңдаушылары үшін қашықтықтан оқыту ұсынылады:

1) дәрігерлік-консультативтік комиссияның қорытындысы болған кезде;

2) бала үш жасқа толғанға дейін туылған, ұл (қыз) бала асырап алған кезде растайтын құжаттарды ұсына отырып;

3) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын, оқу жылы ішінде тұрғылықты жеріне кеткен және шекараны жабу, карантин жариялау себебінен және оларға байланысты емес өзге де мән-жайлар бойынша қайтып оралуға мүмкіндігі жоқ ұлты қазақ тұлғалар үшін.

32. Оқу процесін ұйымдастыру бекітілген оқу жұмыс жоспарлары мен жұмыс бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

33. Оқуды аяқтағаннан кейін тыңдаушыларға оқуды аяқтағаны туралы анықтама (еркін нысанда) беріледі.

34. Дайындық бөлімшесінің тыңдаушыларын университеттен шығаруға: 1) тыңдаушының өз қалауы бойынша оқудан шығару туралы өтініші; 2) университеттің ішкі тәртіп ережелерін бұзу негіз болып табылады.

35. Тыңдаушыларға денсаулық жағдайы бойынша академиялық демалыс берілмейді.

36. Университеттің жатақханасына қоныстану 27 қыркүйекте басталады.

Университетте оқу үшін түсу емтихандарын тапсыру кезеңінде тыңдаушыларға университет жатақханаларында орын берудің бекітілген ережелері мен тәртібіне сәйкес университет жатақханасында орын беріледі.

37. Тыңдаушыны ЖЖОКБҰ-дан шығару университет ректорының бұйрығымен ресімделеді, оның көшірмесі оқудан шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне жіберіледі.

38. Университет жыл сайын күнтізбелік жылдың 15 шілдесінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне өткен кезеңдегі дайындық бөлімшесінің жұмысы туралы қорытынды есепті ұсынады.

**Ереженің жобасы енгізіледі:**

Қосымша білім беру факультетінің деканы

\_\_\_\_\_ С. Д. Муканова  
«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2024 ж.

**Келісілді:**

Басқарма мүшесі, стратегиялық даму жөніндегі проректор

\_\_\_\_\_ Е.Ж. Сармурзин  
«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2024 ж.

Заң басқармасының басшысы

\_\_\_\_\_ Ш.Т. Байкенжина  
«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2024 ж.